



«Нархоз университеті» КЕАҚ
Академиялық Кеңесінің
2022ж. «28» 11 шешімі бойынша (№ 6 хаттама)
«БЕКІТІЛГЕН»



**«Нархоз университеті» КЕАҚ-ның дипломдық жобалар мен
жұмыстарды дайындау және қорғауды бағалау
САЯСАТЫ**

Алматы қаласы,
2022 жыл

1. Преамбула

Академиялық әділетсіздік - академиялық адалдықты сақтай алмау. Академиялық адалдықты сақтамау мынадай тармақтарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: 1) Нархоз университетіндегі және одан тыс жерлердегі курстастарынан, Университеттің оқытушылары мен қызметкерлерінен, үшінші бір тұлғалардан дипломдық жұмысты толық және/немесе ішінара алу; 2) кез келген формадағы плагиат; 3) бұрын кез келген басқа нысанда, яғни Университеттің құрылымдық бөлімшесі, мекеме немесе үшінші бір ұйымда ұсынылған жұмысты қайталап ұсыну.

Академиялық ортада плагиат маңызды мәселе болып саналады. Плагиаттың алдын алудың жалпы ережесі бар: ешқашан басқа біреудің жұмысын өзіңіздікі ретінде (ұсынбау) беруге тырысудың қажеті жоқ.

Студенттер өздерінің барлық академиялық іс-әрекеттерінде жоғары этикалық стандарттарды сақтайды деп күтілуде. Академиялық адалдықты бұзудың барлық жағдайлары қанағаттанарлықсыз бағалауға алып келеді және әкімшілік тұрғыдан қарастыру үшін Мектептердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларына берілетін болады.

МАҢЫЗДЫ: Бакалавриаттың барлық дипломдық жұмыстары мен жобалары жосықсыз көшіріп алу (плагиат) бар-жоғын анықтау үшін Turnitin бағдарламасы арқылы тексеріледі. Плагиатқа тексеру дайын жұмысты тапсырғаннан кейін жүргізіледі. Ұқсастықтың рұқсат етілген ең жоғары деңгейі 15%-ды құрайды. Бакалавриат дипломдық жұмысының/жобасының келісілген лимиттен асатын плагиаты бойынша ұсталған кез келген студент 0 (F) балл алады және Университеттен шығарылғанға дейін тәртіптік жазаға тартылады.

2. Дипломдық жобаларды / жұмыстарды дайындау мен орындаудың негізгі компоненттері

Қорытынды аттестаттау кредиттерін игеруге дипломдық жұмыста не жобада жұмыстың жекелеген түрлерін әзірлеу мен орындау және қорғау жатады.

1.	Диплом жобасының / жұмысының тақырыбын таңдау
2.	Диплом жобасының / жұмысының жоспарын / тезистерін ұсыну
3.	Диплом жобасының / жұмысының тезистерін қорғау
4.	Диплом жобасының / жұмысының тақырыбын бекіту
5.	Диплом жобасының / жұмысының кіріспесі мен әдебиеттер шолуын ұсыну
6.	Деректерді жинау және талдау
7.	Диплом жобасының / жұмысының жекелеген тарауларын ұсыну
8.	Бақылау-бағалау компоненттері
9.	Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша әрбір студенттің жеке үлесін түсіндіру жолымен атқарылған жұмыс туралы есепті дайындау, білім беру бағдарламасының (БББ) жетекшісін хабардар ету
10.	Орындалған жұмыс қорытындысы бойынша анонимді Google-форманы пайдалана отырып, білім алушылардың бір-бірінің өзара жеке үлесін бағалауы жолымен кері байланыс орнату
11.	Алдын ала қорғау-1
12.	Алдын ала қорғау-2
13.	Дипломдық жобаның / жұмыстың соңғы нұсқасын ұсыну, плагиатқа тексерілуден өту
14.	Дипломдық жобаны / жұмысты ауызша қорғау
15.	Нәтижелерді жариялау

3. Дипломдық жобаларды / жұмыстарды дайындау мен орындаудың мерзімдері және қатысушылары

Дипломдық жобаны / жұмысты дайындау, орындау және қорғау бойынша тікелей қатысушылардың жұмысы кезінде келесідей мерзімдер ұсынылады:

	Компонент	Қатысушылар	Орындалу мерзімі
1.	Диплом жобасының / жұмысының тақырыбын таңдау және оның алғашқы бекітілуі	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	7-семестр
2.	Диплом жобасының / жұмысының жоспарын / тезистерін ұсыну	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	7-семестр
3.	Диплом жобасының / жұмысының тезистерін қорғау	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	8-семестр, 4-апта
4.	Диплом жобасының / жұмысының тақырыбын бекіту	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі, Мектеп директоры	8-семестр, 4-апта
5.	Диплом жобасының / жұмысының алғашқы тарауы, кіріспесі мен әдебиеттер шолуын ұсыну	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 4-апта
6.	Деректерді жинау	Студент(тер)	8-семестр, 4-апта
7.	Бақылау-бағалау компоненті-1 ¹	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 5-апта
8.	Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша әрбір студенттің жеке үлесін түсіндіру жолымен атқарылған жұмыс туралы есепті дайындау, білім беру бағдарламасының (БББ) жетекшісін хабардар ету	Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	8-семестр, 5-апта
9.	Орындалған жұмыс қорытындысы бойынша, бірінші бағалау кезеңіне дейін, анонимді Google-форманы пайдалана отырып, білім алушылардың бір-бірінің өзара жеке үлесін бағалауы жолымен кері байланыс орнату	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 5-апта
10.	Деректерді талдау	Студент(тер)	8-семестр, 5-апта
11.	Диплом жобасының / жұмысының 1 және 2 тарауларын ұсыну	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 6-апта
12.	Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша әрбір студенттің жеке үлесін түсіндіру жолымен атқарылған жұмыс туралы есепті дайындау, білім беру	Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	8-семестр, 8-апта

¹ Бақылау-бағалау компоненті студенттердің осы кезеңге қойылған міндеттерін жеке және тұтас орындау дәрежесін ғылыми жетекші тарапынан талдауын және бағалауын қамтиды.

	бағдарламасының (БББ) жетекшісін хабардар ету		
13.	Анонимді Google-форманы пайдалана отырып, білім алушылардың бір-бірінің өзара жеке үлесін бағалау арқылы кері байланыс орнату	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 8-апта
14.	Диплом жобасының / жұмысының қалған тарауларын ұсыну (жұмыстың 80%-ын аяқтау)	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 10-апта
15.	Бақылау-бағалау компоненті-2	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 11-апта
16.	Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша әрбір студенттің жеке үлесін түсіндіру жолымен атқарылған жұмыс туралы есепті дайындау, білім беру бағдарламасының (БББ) жетекшісін хабардар ету	Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	8-семестр, 11-апта
17.	Орындалған жұмыс қорытындысы бойынша, екінші бағалау кезеңіне дейін, анонимді Google-форманы пайдалана отырып, білім алушылардың бір-бірінің өзара жеке үлесін бағалауы жолымен кері байланыс орнату	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер)	8-семестр, 11-апта
18.	Алдын ала қорғау-1	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	8-семестр, 13-апта
19.	Алдын ала қорғау-2	Студент(тер), Ғылыми жетекші(лер), БББ-ның жетекшісі	8-семестр, 14-апта
20.	Дипломдық жобаның / жұмыстың соңғы нұсқасын ұсыну, плагиаттан тексерілуден өту	Студент(тер)	Академиялық күнтізбеге сәйкес қорғау күні басталардан екі апта бұрын
21.	Дипломдық жобаны / жұмысты ауызша қорғау	Студент(тер), Аттестациялық комиссия	Академиялық күнтізбеге сәйкес
22.	Нәтижелерді жариялау	БББ-ның жетекшісі	Қорғаудан кейін 1 аптадан кешіктірмей

Нұсқаулықтың осы тарауында белгіленген мерзімдер сақталмаған жағдайда, студент(тер) тапсырудың әрбір өткізіп алған мерзімі үшін дипломдық жұмыстың қорытынды бағасынан бес (5) балл жоғалтады.

3. Дипломдық жобаларды / жұмыстарды дайындау мен орындауды бағалау

Дипломдық жобаны / жұмысты дайындау, орындау және қорғау бойынша жұмыс кезінде білім алушылардың үлгерімі жұмысты / жобаны жазудың бүкіл үдерісі барысында бағаланады. Бағалау схемасына дайындықтың аралық және қорытынды нәтижелері де, ауызша қорғау нәтижелері де енгізіледі.

Жоба бойынша топтық жұмыс кезінде әр студенттің жеке үлесін бағалау барысында келесілер қолданылады:

- бақылау-бағалау кезеңінде ауызша әңгімелесу; ауызша әңгімелесу топтық жұмысқа жеке үлесті бағалауға арналған, оны ғылыми жетекшілер дайындайды және Мектептің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мақұлдайды. Ауызша сұхбат екі рет, сегізінші семестрдің 4-ші және 11-ші апталарында өткізіледі.
- жобаның әрбір қатысушысының үлесі мен жұмысын өзара бағалауға арналған онлайн-формалар;
- өзара бағалауға арналған онлайн-формаларды ғылыми жетекшілер студенттермен бірлесе отырып әзірлейді.

Дипломдық жобаларды / жұмыстарды дайындау, орындау мен қорғауды бағалау схемасы төменде келтірілген:

Ауызша емтихан -1	10%
Бірлескен баға (Google формалар)	5%
Ауызша емтихан -2	10%
Бірлескен баға (Google формалар)	5%
Жазбаша бөлік (диплом жұмысы/жобасының)	50%
Ауызша қорғау/жұмыстың презентациясы	20%

Диплом жұмысының/ жобаның жазбаша бөлігі мен ауызша қорғауды бағалау критерийлері 4.1 және 4.2 кестелерде келтірілген.

4.1.-кесте. Диплом жұмысының/ жобаның жазбаша бөлігін бағалау критерийлері

	94-100, А-, А	75-89, В-, В, В+	60-74, С-,С, С+	50-59, D, D+	Ниже 50 , не сдал(а)
Кіріспе	Зерттеу саласын жақсы түсіну Жақсы тұжырымдалған және нақты анықталған зерттеу мақсаттары мен міндеттері	Зерттеу саласын жақсы түсіну Нақты анықталған зерттеу мақсаттары мен міндеттері	Зерттеу саласын қанағаттанарлық деңгейде түсіну Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері әлсіз анықталған	Зерттеу саласын нашар түсіну Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері туралы төмен немесе аз хабардар болу	Талаптардың тиісті деңгейін сақтамаған
Әдебиеттер тізімі	Алынған әдебиеттерді жақсы түсіну және бағалай білу Бар олқылықтарды нақты түсіну және анықтау	Бар әдебиеттерді жақсы түсіну және бағалай білу Бар олқылықтарды түсіну және анықтай білу қабілеті Сенімді әдеби дереккөздерді кеңінен қолдану, бар зерттеулердің шектеулерін тұжырымдай білу қабілеті	Дереккөздердің жеткіліксіз саны талданған. Әдебиетті сыни бағалаудың қалыпты ғана деңгейі көрсетілген.	Дереккөздердің жеткіліксіз саны пайдаланылған. Барлық дереккөздер сенімді деп саналмайды. Материалды сыни бағалау нашар немесе төмен сапаға ие. Бар әдебиеттерден қандай да бір олқылықтарды таба алмаған.	Талаптардың тиісті деңгейін сақтамаған
Зерттеу әдістері	Тамаша түсіну, ұсынылған зерттеу әдіснамасының нақты және жан-жақты негіздемесі, зерттеу методологиясы шеңберіндегі этикалық мәселелерді тамаша түсінген.	Ұсынылған зерттеу әдіснамасын жақсы түсінген және нақты негіздеген, егер ондайлар бар болса, этикалық мәселелерді де түсіну	Таңдалған зерттеу әдістемесін қалыпты түсінген және орташа негіздеген. Зерттеумен байланысты этикалық мәселелерді түсінудің төмендеу деңгейі	Ұсынылған зерттеу әдістемесі жеткілікті деңгейде негізделмеген. Зерттеумен байланысты этикалық мәселелерді түсінбеген.	Талаптардың тиісті деңгейін сақтамаған

<p>Деректерді жинау және талдау</p>	<p>Айрықша аналитикалық дағдылар мен құзыреттіліктер және деректерді басқарудың, әрі деректерді өңдеу мен талдаудың ерекше деңгейі көрсетілген.</p>	<p>Жақсы аналитикалық дағдылар көрсетілген, тиісті талдау әдістері қолданылған.</p>	<p>Аналитикалық қабілеттердің орташа деңгейі көрсетілген. Тиісті аналитикалық техника қолданылған. Деректерді жинау кезінде кейбір қателіктер, олқылықтар мен дәлсіздіктер орын алған.</p>	<p>Аналитикалық қабілеттердің төмен деңгейі көрсетілген. Сәйкес емес аналитикалық техника қолданылған. Деректер жеткіліксіз және дұрыс тұрғыда жиналмаған</p>	<p>Талаптардың тиісті деңгейін сақтамаған</p>
<p>Зерттеу нәтижелерінің тұсаукесері (презентациясы)</p>	<p>Нәтижелерді сыни бағалаудың жоғары деңгейі. Барлық шектеулер мен күшті және әлсіз жақтарын түсінген, оригинал (түпнұсқа) идеялар</p>	<p>Нәтижелерді сыни бағалаудың жақсы деңгейі, шектеулердің бір бөлігін түсіну, күшті және әлсіз жақтарын анықтай білуге қабілетті, кейбір идеялар ұсынылған</p>	<p>Алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалаудың орташа деңгейі, қолданыстағы теория туралы хабары аздау, зерттеу шектеулерін қандай да бір шамада анықтай білуге қабілетті</p>	<p>Нашар бағалау көрініс тапқан, қолданыстағы теория туралы хабарының аз болуы, зерттеудің шектеулерін анықтай білуге қабілетсіздік байқатты. Инсайттар ұсынылмаған.</p>	<p>Талаптардың тиісті деңгейін сақтамаған</p>
<p>Жұмысты, құрылымды, презентация тілін көрсете білу</p>	<p>Презентациялық дағдыларының ғажайып деңгейі, тілдік тұрғыдан құзыретті. Логика, үйлесімділік және дәйектілік презентацияда да, дипломдық жұмыста да көрсетіледі.</p>	<p>Презентация дағдылар мен тілді меңгерудің жақсы деңгейі. Барлық ақпарат кәсіби және құзыретті түрде ұсынылған.</p>	<p>Логиканың, дәйектілік пен байланыстың қалыпты деңгейі көрсетілген. Ұсынылған ақпарат жеткіліксіз деңгейге ие. Айтылу мен емледе кішігірім қателіктер жіберуге жол беріледі.</p>	<p>Ұсынылған зерттеу нәтижелерінде логиканың, дәйектілік пен байланыстың жоқ болуы. Төмен тілдік компетенция орын алған. Презентация жасау дағдылары нашар деңгейде. Сөйлеушіні түсіну қиын. Презентация мен жазбаша жұмыс қателіктер мен</p>	<p>Талаптардың тиісті деңгейін сақтамаған</p>

				орфографиялық қателерге толы.	
Қорытынды	Жүргізілген зерттеуден қисынды түрде туындайтын кешенді қорытынды. Нақты анықталған және инновациялық тұрғыдағы ұсынымдар ұсынылған.	Нақты қорытынды, тұтастай алғанда, жүргізілген зерттеуге сәйкес келеді. Ұсыныстардың орындалатынына және пайдалы болатынына сенім зор.	Қорытынды адекватты, ұсыныстар бұлыңғыр.	Қорытынды ұсынылған нәтижелердің айқын констатациясы ғана болып саналады. Ұсыныстар ешқандай пайда әкелмейді.	Талаптардың тиісті деңгейін сақтамаған

4.2.-кесте. Диплом жұмысын/ жобаны қорғаудың ауызша бөлігін бағалау критерийлері

Критерийлер	Балл	1-студент	2-студент	3-студент
Мазмұны	25%			
Құрылымы	25%			
Сенімділік	25%			
Сұрақтарға жауаптар	25%			
Барлығы:	100%			